

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы (жүк көтеру механизмдерін, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарын)

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 28 қаңтардағы № 55 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 31 қаңтарда № 18256 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 916 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 14.10.2022 № 916 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі туралы ереженің 21-тармағының 19-62) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (жүк көтеру механизмдерін, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарын) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Метрологиялық қамтамасыз ету және стандарттау орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор М.М. Алтынбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі*

Н. Ермакбаев

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2019 жылғы 28 қаңтардағы
№ 55 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (жүк көтеру механизмдерін, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (жүк көтеру механизмдерін, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарын) (бұдан әрі – Нұсқаулық) жүк көтеру механизмдерін, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарды пайдалануды ұйымдастыруды нақтылайды.

3. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның заңды тұлғаның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды орындау құқығын ресми тануы;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатқа басшылық жасауды және оны салааралық үйлестіруді, әзірлеуді және жүзеге асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары – өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген техникалық және әлеуметтік сипаттағы арнайы шарттар.

4. Жүк көтеру механизмдерін, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарды қауіпсіз пайдалану бойынша өндірістік бақылауды ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігі Метрологиялық қамтамасыз ету және стандарттау орталығының қазандықтарды қадағалау және көтеру механизмдері бөліміне (бұдан әрі – қазандықтарды қадағалау бөлімі) жүктеледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 11.09.2020 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланудың өнеркәсіптік қауіпсіздігі саласындағы өндірістік бақылауды ұйымдастыру, жүк көтеру механизмдерін, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарды техникалық куәландыруды уақтылы жүргізуді бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Метрологиялық қамтамасыз ету және стандарттау орталығының қазандықтарды қадағалау және көтеру механизмдері бөліміне (бұдан әрі – қазандықтарды қадағалау бөлімі) жүктеледі.

6. Қауіпті техникалық құрылғыларға:

1) жылу желілерін қоспағанда, 0,07 мега-Паскальдан астам қысыммен немесе 115 Цельсий градустан жоғары суды қыздыру температурасы кезінде жұмыс істейтін техникалық құрылғылар;

2) жүк көтеру механизмдері, эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер, лифтілер;

3) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің 0,07 мега-Паскальдан астам қысыммен және (немесе) 115 Цельсий градустан асатын судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін бу және су жылыту қазандықтары, 0,07 мега-Паскальдан астам қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар, жүк көтеру механизмдері, эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер, лифтілер жатады.

2-тарау. Қауіпті техникалық құрылғыларды пайдалануда өндірістік бақылауды ұйымдастыру

7. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен мекемелерінде (бұдан әрі – әскери бөлімдер) қауіпті техникалық құрылғыларды пайдалануға өнеркәсіптік қауіпсіздігі саласындағы өндірістік бақылау әскери бөлім командирінің бұйрығы және осы Нұсқаулық негізінде жүзеге асырылады.

8. Әскери бөлімнің қауіпті техникалық құрылғыларын пайдалануға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау туралы бұйрықта:

1) қауіпті техникалық құрылғыларға қызмет көрсету және пайдалану үшін оқытылып үйретілген және аттестатталған жеке құрам (бұдан әрі – қызмет көрсетуші персонал);

2) әскери бөлімнің қауіпті техникалық құрылғыларының техникалық жай-күйі мен пайдаланылуын қадағалау жөніндегі жауапты лауазымды адам (бұдан әрі – қадағалау жөніндегі адам);

3) әрбір құрылғының паспортына тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен күнін көрсетумен жазбаларды және тағайындалған адамның қолтаңбаларын

енгізумен инженерлік-техникалық құрам қатарынан қауіпті техникалық құрылғылардың ақаусыз жай-күйіне және оларды қауіпсіз пайдалануға жауапты адам (бұдан әрі – пайдалануға жауапты адам);

4) крандармен (жүк көтеру механизмдерімен) жүктердің орнын ауыстыру жөніндегі жұмыстарды қауіпсіз жүргізу үшін жауапты адам (бұдан әрі – жұмыс жетекшілері);

5) өнеркәсіптік қауіпсіздік және басшылық құжаттар талаптарын білуін кезең-кезеңімен тексеру үшін әскери бөлім командирі орынбасарының (бас инженердің) төрағалық етуімен тұрақты әрекеттегі комиссия;

6) қауіпті техникалық құрылғыларды ақаусыз жай-күйде ұстауды қамтамасыз ететін профилактикалық қарап тексеру, жөндеу мен сынаулар мерзімдері;

7) қызмет көрсететін персоналды өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша оқытып үйрету және оның талаптарын білуін кезең-кезеңімен тексеру;

8) қауіпті техникалық құрылғыларға техникалық қызмет көрсетудің және куәландырудың жоспар-кестесін әзірлеуге және орындауға жауапты;

9) қауіпті техникалық құрылғылардың түрлері бойынша техникалық куәландыру жөніндегі жұмыстарды дайындау және жүргізу үшін қажетті мерзімдер, қажетті үй-жайлар (алаңдар), материалдар, жабдық және айла-бұйымдар;

10) қауіпті техникалық құрылғыларды пайдалану кезінде авариялар мен қайғылы оқиғалардан сақтандыру жөніндегі іс-шаралар айқындалады.

9. Қауіпті техникалық құрылғыларды пайдалануда өндірістік бақылауды сапалы ұйымдастыру, қауіпті техникалық құрылғыларға техникалық қызмет көрсетуді және куәландыруды жоспарлау мақсатында әскери бөлімдерде жыл сайын қауіпті техникалық құрылғыларға техникалық қызмет көрсетудің және куәландырудың жоспар-кестесі әзірленеді, оларда мыналар көзделеді:

1) әскери бөлімнің қауіпті техникалық құрылғыларының өнеркәсіптік қауіпсіздігіне сараптамалар жүргізу;

2) жоғары қысымды бу қазандығын ішкі тексеру және жұмыс қысымымен гидравликалық сынау – ішкі жылыту қабаттарын немесе қазандықтың элементтерін тазалағаннан кейін;

3) қазандыққа және қосалқы жабдыққа қызмет көрсету және жөндеу – жасаушы зауыт көздеген мерзімдерде, бірақ кемінде жылына бір реттен сиретпей ;

4) жұмыс жағдайындағы қазандықты кезең-кезеңімен тексеру – айына бір рет;

5) қазандықты бастапқы және мерзімдік техникалық куәландыру (монтаждаудан кейінгі ішкі тексеру және одан әрі – төрт жылда бір рет);

6) монтаждаудан кейінгі және одан әрі сынау қысымымен қазандықты гидравликалық сынау – сегіз жылда бір рет;

7) жұмыс күйінде қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды кезең-кезеңімен тексеру – екі айда бір рет;

8) тат баспайтын ортада жұмыс істейтін ыдыстарды ішкі қарап тексеру – екі жылда бір реттен сиретпей, ал металды таттандыратын ортада – жылына бір реттен сиретпей;

9) жоғары қысымды ыдыстарды бастапқы және кезең-кезеңімен техникалық куәландыру (жұмысқа кірісер алдында және одан әрі ішкі қарап тексеру – төрт жылда бір рет, жұмысқа кірісер алдында және одан әрі сынау қысымымен гидравликалық сынау – сегіз жылда бір рет);

10) ыдыстарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу – жылына бір реттен сиретпей;

11) жоғары қысымды баллондардың техникалық жай-күйін, сақтау шарттарын, толтырылуын, тасымалдануын, куәландырылуын және пайдаланылуын кезең-кезеңімен тексеру – екі айда бір реттен сиретпей;

12) сынау учаскелерінде баллондарды куәландыру – баллондардың паспорттарында көрсетілген мерзімдерде, бірақ "Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10303 болып тіркелген) көрсетілген мерзімдерден сиретпей (бұдан әрі – Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары);

13) толық техникалық куәландыру – лифтіні орнату және реконструкциялау кезінде, пайдалануға берілгенге дейін;

14) лифтілер мен көтергіштерді кезең-кезеңімен техникалық куәландыру – жылына бір реттен сиретпей;

15) лифтілер мен көтергіштерді ішінара техникалық куәландыру – жаңадан орнатылған және жөнделген элементтерді ауыстыру жөніндегі жұмыстарды орындағаннан кейін;

16) лифтілер мен көтергіштердің қорғаныш және бұғаттаушы құрылғыларының жұмысын тексеру – алты айда бір рет;

17) жүк көтеру машиналарын кезең-кезеңімен қарап тексеру – айына бір рет;

18) жүк көтеру машиналарын ішінара куәландыру – жылына бір рет;

19) жүк көтеру машиналарын толық техникалық куәландыру – үш жылда бір рет;

20) жүк көтеру механизмдеріне техникалық қызмет көрсету – жасаушы зауыттың нұсқаулығында және "Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10332 болып тіркелген) көзделген мерзімдерде (бұдан әрі – жүк көтеру механизмдерін пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары);

21) электр жабдығының, электр желілерінің оқшаулау кедергісін, жерге түйістіру кедергісін өлшеу – көпір, тіреуіш крандар, аспалы крандар, электр көтергіштері үшін жылына бір рет;

22) сыртқы қарап тексеру, бу және ыстық су құбырларының арматурасы мен металл конструкцияларын жөндеу – жылына бір реттен сиретпей;

23) бу және ыстық су құбырларын техникалық куәландыру – үш жылда бір реттен сиретпей;

24) бу және ыстық су құбырларын сыртқы қарап тексеру және гидравликалық сынау – ол екі жылдан астам уақыт сақтауда болғаннан кейін монтаждаудан, дәнекерлеуді қолданумен жөндегеннен кейін пайдалануға беру алдында;

25) қауіпті техникалық құрылғыларға қызмет көрсетуге (жөндеуге) арналған техникалық шарттардың (цехтың технологиялық және техникалық мүмкіндіктері, сынаулар пункті) орындалуын тексеру – екі айда бір реттен сиретпей. Баллондарды сынауға арналған пункт жабдықтарының, айла-бұйымдарының, құрылғылары мен құжаттарының тізбесі осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада көрсетілген;

26) өлшеу техникасының зертханасында бақылау-өлшеу құралдарын тексеру – жылына бір реттен сиретпей;

27) барокамераны сыртқы қарап тексеру, қолданылуда тексеру, қызмет көрсету – жылына бір реттен сиретпей;

28) барокамераны техникалық куәландыру – екі жылда бір реттен сиретпей.

9. Әскери бөлімдер жыл сайын 30 қарашаға дейін талдау жүргізеді және қауіпті техникалық құрылғыларды күтіп-ұстау және пайдалану туралы жеткізілімдерді осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазандықтарды қадағалау бөліміне жолдайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 11.09.2020 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Жүк көтеру механизмдерін, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарды пайдалануды ұйымдастыру

10. Қауіпті техникалық құрылғыларға жататын жүк көтеру механизмдерін, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарды қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыру үшін қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланушы лауазымды

адамдар мен жеке құрам оқудан және "Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларымен, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерімен емтихан тапсыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 25 қарашадағы № 1100 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12479 болып тіркелген) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірыңғай үлгідегі куәліктерді алғаннан кейін жұмыс істеуге жіберіледі.

11. Қауіпті техникалық құрылғыларда жұмыс істеуге тартылатын мамандарды оқыту және білімін тексеру өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мамандарды, жұмыскерлерді оқыту, қайта даярлау үшін аттестатталған оқу ұйымдарында жүргізіледі.

12. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 73-бабының талаптарына сәйкес қауіпті техникалық құрылғылар өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптауға жатады.

13. Стационарлық қазандықтардың жоғары қысымды бу қазандарын пайдалану кезінде:

1) жасаушы зауыттың (мамандандырылған ұйымның) ұсынымдарын ескере отырып үрлеудің, құнарландырылған судың нормасы мен сапасын, қазандарды тазалауға және жууға тоқтату мерзімдерін көрсетумен режимдік карталарды әзірлеу;

2) бастықтар мен ауысым инженерлерін (тиісті біліктілігі бар лауазымды адамдар) тағайындау;

3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 бұйрығымен бекітілген қысыммен жұмыс істейтін жабдықты пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкес стационарлық қазандықтардың жоғары қысымды бу қазандарының ақаусыз жай-күйіне және қауіпсіз пайдалануға қадағалауды жүзеге асыратын адамдар үшін технологиялық регламент әзірлеу және бекіту қажет.

14. Жүк көтеру механизмдері мен лифттерді пайдалану кезінде:

1) жүк көтеру механизмдерін пайдалануға жарамды қосалқы жүкқармауыш механизмдермен және айлабұйымдармен қамтамасыз ету;

2) осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес жүк көтеру механизмдерін бақылау жүктерімен тексеру және техникалық куәландыру үшін алаңдарды жабдықтау (бір гарнизонда бір алаң жабдықтауға рұқсат етіледі);

3) электрлік ток соғудан қорғауды қамтамасыз ететін құралдарды (резеңке кілемшелер, диэлектрлік қолғаптар, электрлік ток соғудан қорғау автоматтары) тексеру мен сынауды ұйымдастыру қажет.

15. Жоғары қысымды ыдыстарды пайдалану кезінде:

1) ыдыстарды жарамды жай-күйде ұстауды және оларды сақтаудың қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету;

2) техникалық қызмет көрсету мен техникалық куәландыруды сапалы және уақтылы жүргізуді қамтамасыз ету;

3) Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының талаптарына сәйкес ыдыстардың ақаусыз жай-күйіне және қауіпсіз пайдалануға қадағалауды жүзеге асыратын адамдар үшін технологиялық регламент әзірлеу және бекіту қажет.

16. Адам өмірі мен денсаулығына қатер, ақаулықтар немесе жүк көтеру механизмдерінің, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстардың апаттық жай-күйі, сондай-ақ осы Нұсқаулыққа 4-қосымшада көзделген жағдайлар туындаған кезде әскери бөлімнің лауазымды адамдары қауіпті техникалық құрылғылардың жұмысын дереу тоқтатады.

4-тарау. Жүк көтеру механизмдерін, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарды есепке алу, жұмысқа жіберуге рұқсат алу

17. Жүк көтеру механизмдерін, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарды есепке алу, жұмысқа жіберуге рұқсат алу "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Жүк көтеру механизмдері, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстар осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес әскери бөлімдерде есепке алынуға тиіс.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 11.09.2020 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Әскери бөлім осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларды қауіпсіз пайдалануға бақылауды жүзеге асыру үшін қауіпті техникалық құрылғылар туралы мәліметті қазандықтарды қадағалау бөліміне жолдайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 11.09.2020 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Жүк көтеру механизмдерін, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарды есепке қойғаннан (тіркелгеннен) кейін паспортта (формулярда) мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) есепке алу (тіркеу) нөмірі;
- 2) техникалық куәландыру нәтижелері.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 11.09.2020 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 11.09.2020 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Қауіпті техникалық құрылғыларды техникалық куәландыруды ұйымдастыру

22. Жасаушы зауыттың пайдалану жөніндегі нұсқаулығының талаптарына сәйкес, сондай-ақ Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының, Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының, "Компрессорлық станцияларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 360 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 13 ақпанда № 10251 тіркелген) талаптарына сәйкес әрбір жүк көтеру механизмі, қысыммен жұмыс істейтін қазандық және ыдыс техникалық куәландыруға тартылады:

- 1) бастапқы – пайдалануға беру алдында;
- 2) мерзімдік – пайдалану процесінде;
- 3) кезектен тыс (мерзімінен бұрын) – жөндеуден кейін.

23. Арсеналдарда, базалар мен қоймаларда жұмсалмайтын қорда сақтауда тұрған қауіпті техникалық құрылғылар, егер жасаушы зауыттың пайдалану жөніндегі нұсқаулығында қосымша талаптар болмаса, сақтау процесінде мерзімдік техникалық куәландыруға тартылмайды.

24. Қауіпті техникалық құрылғыны техникалық куәландыру:

1) қауіпті техникалық құрылғының өзінің паспорттық деректеріне сәйкес келуін;

2) оның қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қауіпті техникалық құрылғының ақаусыздығын;

3) қауіпті техникалық құрылғыны қауіпсіз пайдалануды ұйымдастырудың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуін белгілейді.

25. Жасаушы зауыттың пайдалану жөніндегі нұсқаулығында қауіпті техникалық құрылғыға техникалық куәландыру жүргізу тәртібі болмаған кезде техникалық куәландыру Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының, Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының және Компрессорлық станцияларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

26. Қауіпті техникалық құрылғыны пайдалануға беру алдында техникалық куәландыру, мерзімдік және кезектен тыс техникалық куәландыру Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының, Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының және Компрессорлық станцияларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

27. Баллондарды, ыдыстарды техникалық куәландыру Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының және Компрессорлық станцияларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының талаптарына сәйкес баллондарды, ыдыстарды сынау пунктінде жүргізіледі. Баллондарды, ыдыстарды техникалық куәландыру нәтижелері осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баллондарды сынауды есепке алу журналында жазылады.

28. Паспортта көрсетілген техникалық куәландырудың белгіленген мерзімі болған кезде қауіпті техникалық құрылғыны пайдалануға жол берілмейді. Белгіленген қызмет мерзімдерінің, техникалық куәландыру мерзімдерінің өтуін қоса алғанда, қауіпті техникалық құрылғыны пайдаланудан шығарудың барлық жағдайлары, оны жөндеу, тіркеуден алу, сақтауға қою әскери бөлім командирінің бұйрығымен жүзеге асырылады.

29. Қауіпті техникалық құрылғы, егер:

1) оны қауіпсіз пайдалануға ықпал ететін қауіпті ақаулар немесе зақымданулар болмаса;

2) жұмыстар жүргізу үшін техникалық куәландыру құралдары бар және ақаусыз жай-күйде болса;

3) қажетті шығыс материалдары дайындалса;

4) қауіпті техникалық құрылғыларға қызмет көрсететін аттестатталған жеке құрамның (есептоптар, экипаждар нөмірлері) болуын растайтын құжаттар болса, техникалық куәландыруға дайын болып саналады.

30. Қауіпті техникалық құрылғыға техникалық куәландыру жүргізу кезінде пайдалануға жауапты адам қатысады.

31. Қауіпті техникалық құрылғы бекітіліп берілген лауазымды адам техникалық куәландыру кезінде жұмыс жетекшісі болып табылады. Жұмыс жетекшісі Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының, Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының, Компрессорлық станцияларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының талаптарына сәйкес қызмет көрсету персоналының технологиялық операцияларды орындауын және қауіпті

техникалық құрылғыны техникалық куәландыру кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауды ұйымдастырады.

32. Техникалық куәландыру процесінде қауіпті техникалық құрылғыда ақаулық нормаларынан шығатын ақаулар анықталған немесе өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары бұзылған кезде қадағалау жөніндегі адам әскери бөлім командиріне қауіпті техникалық құрылғыны пайдалануды тоқтата тұру туралы баяндайды.

33. Қауіпті техникалық құрылғыны техникалық куәландыруды қару-жарақ пен әскери техникаға (бұдан әрі – ҚӘТ) жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді және оны жөндеуді жүргізумен үйлестіру мақсатқа сәйкес. Қауіпті техникалық құрылғыны техникалық куәландыруға қажеттілік жауынгерлік даярлық жоспарларын ескере отырып, ҚӘТ-ны пайдаланудың перспективалық, жылдық және айлық жоспарларында жоспарланады.

34. Техникалық куәландыру материалдары қауіпті техникалық құрылғының паспортына (формулярына) қоса беріледі. Егер қауіпті техникалық құрылғы әскери бөлімге жөндеуден кейін жүргізілген толық техникалық куәландырумен келіп түссе, онда қауіпті техникалық құрылғы пайдалануға берілгенге дейін техникалық куәландыру жөніндегі маман қауіпті техникалық құрылғыны механизмдердің, жабдықтың және қауіпсіздік аспаптарының жұмыс істеуіне тексеруді жүргізеді және бақылап тексеру нәтижелерін қауіпті техникалық құрылғының паспортына жазады.

35. Арсеналдарда, базаларда, қоймаларда жұмсалмайтын қорда сақтауда тұрғандардан алынған қауіпті техникалық құрылғылар пайдалануға берілгенге дейін кезектен тыс техникалық куәландыруға жатады.

36. Техникалық куәландыруды жүргізген маман қауіпті техникалық құрылғының паспортына (формулярына) қауіпті техникалық құрылғыны техникалық куәландыру нәтижелері, рұқсат етілген техникалық сипаттамаларымен және жұмыстың параметрлерімен оны одан әрі пайдалану мүмкіндіктері, кезекті техникалық куәландыру мерзімдері, анықталған ақаулар және техникалық талаптарды бұзушылықтар туралы жазбаларды жасайды.

37. Белгіленген мерзімдері өткен қауіпті техникалық құрылғыларды қолдану мерзімдерін ұзартуды Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында, Қысыммен жұмыс істейтін жабдықты пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында және Компрессорлық станцияларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында белгіленген тәртіппен осы қызмет түрімен айналысуға құқығы бар аттестатталған ұйым жүзеге асырады

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 11.09.2020 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Қауіпті техникалық құрылғыларды техникалық куәландыру қорытындылары бойынша әскери бөлімнің қадағалау жөніндегі лауазымды адамы осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қауіпті техникалық құрылғыларды куәландыруды және қарап-тексеруді есепке алу журналында жазба жасайды және осы Нұсқаулықтың 9-тармағына сәйкес қазандықты қадағалау бөліміне жеткізілімді жолдайды.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 11.09.2020 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштерінің әскери мүлкін
пайдалануды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа (жүк
көтеру механизмдерін,
қысыммен жұмыс істейтін
қазандықтар мен ыдыстарын)
1-қосымша

Баллондарды сынау пунктінде жабдықтың, айла-бұйымдардың, құрылғылар мен құжаттардың тізбесі

Р/с №	Атауы	Саны (дана)	Ескертпе
1	Гидравликалық нығыздағыш (сорғы)	1-2	
2	Баллондарды сынау орнын биіктігі кемінде 2 м металл қоршау	1	Қалыңдығы кемінде 2 мм кем болат табактан дайындалады
3	Аспаптар мен керек-жарақтарға арналған шкаф	1	
4	Пневмосынақтар үшін (су құйылған ыдысқа батыру арқылы герметикалық тексеру бойынша жұмыстарды жүргізу үшін) ауа жүргізілген суы бар ыдыс (металл ванна)	1	
5	Шұраларды бұрау үшін станок (тұғыр)	1	
6	Баллондардың ішіндегі беткі қабтын тазалау үшін станок (тұғырық)	1	
7	Ұстаның жұмыс үстелі	1	

8	Сынақтан өткізілген және сынақтан өткізілуге тиіс баллондарға арналған сөрелер (немесе тік қалпында сақтаған кезде баллондардың құлауын болдырмайтын құрылғылармен жабдықталған орындар)	1	
9	100 кг-ға дейін өлшеу дәлдігімен 150 кг-дық таразы	1	
10	Куәландыру жүргізу кезінде баллондарды (арбалар, қармаулар, ілмектер) тасымалдау үшін айла-бұйымдар (құрылғылар)	Бір уақытта сыналатын баллондар саны бойынша	
11	Баллондардың ішін қарап тексеру үшін 12 В тасымалданатын лампа	1	
12	Пневмошлангілер (металл түтіктер) және сыналатын баллондарды гидронығыздағышқа қосуға арналған ауыстырғыштар	1 жиынтық	
13	Баллондарды жуу және оларды сумен толтыру үшін ұштықтары бар резеңке шлангілер	1	
14	Ұста аспабының жиынтығы (сомындық және газдық кілттер, балға, қашау, крейцмейсель)	1 жиынтық	
15	Ұзындығы 1500 мм өлшеу сызғышы	1	
16	Белгілер жинағы: 1) шеңбер ішінде шифр берумен диаметрі 12 мм дөңгелек формасында және белгі соғу белгілерінің биіктігі 6 мм (сыйымдылығы шағын баллондар үшін); 2) белгі соғу белгілерінің биіктігі 8 мм (сыйымдылығы үлкен баллондар үшін);	2-3	

1	Б у қазандықт ары							
2	Сауыттар							
3	Ж ү к көтергіш машинала р							
4	Лифтілер							
5	Баллондар							
6	Баллондар д ы толтыру және сынау станцияла р ы (пункттері)							
	Жиыны							

00000 әскери бөлімі қауіпті техникалық құрылғыларының қауіпсіз пайдаланылуын қадағалау бойынша жауапты _____

_____ (әскери атағы, тегі, инициалдары, қолы) 00000 әскери бөлімі командирінің қару-жарақ жөніндегі (МТҚ жөніндегі) орынбасары _____

_____ (әскери атағы, тегі, инициалдары, қолы)

Ескертпе:

1. "Баллондар" және "Баллондарды толтыру және сынау станциялары (пункттері)" жолдарын қоспағанда, жеткізілімнің әрбір бағаны бөлшекпен толтырылады, мұнда алымында – қазандықтарды қадағалау жөніндегі бөлімде тіркелетін объектілер, бөлімінде – тіркелмейтін объектілер (әскери бөлімде есепке алынуға) көрсетіледі.

2. Жеткізілімге еркін нысандағы қысқаша түсіндірме жазба қоса беріледі.

3. Жеткізілімге қазандықтарды қадағалау жөніндегі бөлім жүргізген жұмыстар қосылмайды.

Қазақстан Республикасы Қарулы

Күштерінің әскери мүлкін
пайдалануды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа (жүк
көтеру механизмдерін,
қысыммен жұмыс істейтін
қазандықтар мен ыдыстарын)

3-қосымша

Өздігінен жүретін жүк көтергіш (көпірлік, тіреулік және мұнаралықтан басқа) крандарды техникалық куәландыруды жүргізуге арналған алаңның техникалық сипаттамасы

1. Өздігінен жүретін жүк көтергіш крандарды техникалық куәландыруды жүргізуге арналған алаң мынадай талаптарға сүйене отырып жабдықталады:

- 1) алаңның аумағы еркін түрде кіруді және шығуды қамтамасыз етуге тиіс;
- 2) алаңның жабыны қатты (бетондалған, асфальтталған, қиыршық-құмтасты), еңіс 30 –тан аспауға тиіс;
- 3) жаңбыр және еріген су үшін суағарлардың бар болуы;
- 4) алаңда крандарды куәландыру жөніндегі жұмыстар жүргізілмейтін кезеңде алаңға әртүрлі көлік құралдарының кіру мүмкіндігін болдырмайтын периметр бойынша қоршау.

2. Алаңның жабдыкталуы:

1) әскери бөлімде бар барлық автомобиль крандарын сынауды жүргізуді қамтамасыз ететін крандарды статикалық және динамикалық сынауларға арналған жүктер жинағы.

Мынадай жүктер жинағы болуға тиіс: 25 кг – 1 дана; 50 кг – 1 дана; 100 кг – 1 дана; 250 кг – 1 дана; 500 кг – 1 дана; 750 кг – 1 дана; 1000 кг – 1 дана; 2500 кг – 2 дана; 5000 кг – 2 дана; 10 000 кг – 1 дана. Жүктерде оларды тиеу мүмкіндігіне арналған айла-бұйымдар болуға тиіс;

2) жүктерді жиынтықтауға, оларды бекітуге және стандартты төрт тармақты арқанның көмегімен жүк көтергіш машинаның ілмегіне бекітуге және ілуге арналған рама;

3) крандардың шығарылатын тіректерінің астына төсемелер жинағы;

4) төрт және екі тармақты арқан – 2 дана;

5) қауіпсіздік техникасы жөнінде, статикалық және динамикалық сынақтардың тәртібі, тежегіштер мен қауіпсіздік аспаптарын тексеру туралы нұсқаулықтары, жүктерді тиеу схемалары, белгілік дабылдаманы бейнелеуі, арқандарды ақаулы деп тану нормалары бар металл қалқандар.

Қазақстан Республикасы Қарулы

Күштерінің әскери мүлкін
пайдалануды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа (жүк
көтеру механизмдерін,
қысыммен жұмыс істейтін
қазандықтар мен ыдыстарын)

4-қосымша

Олардың кезінде жүк көтеру механизмдерінің, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстардың жұмыс істеуіне жол берілмейтін және олар тоқтатылуға тиіс ақаулықтар мен жағдайлардың тізілімі

1. Жүк көтергіш машиналар үшін:

1) жүк көтергіш машина өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде және қазандықты қадағалау жөніндегі бөлімде тіркелмеген;

2) талап етілетін техникалық құжаттама жоқ;

3) жүк көтергіш машинаны аттестатталмаған кран жүргізушілер, тиеушілер пайдаланған, сондай-ақ іс-әрекет қауіпсіздігі үшін жауапты адамдар немесе жүктерді қауіпсіз тасымалдау бойынша жұмыс жетекшілері тағайындалмаған;

4) жүк көтергіш машинаның техникалық жай-күйіне бақылаудың жоқтығын куәландыратын көптеген ақаулар;

5) жебелі немесе жүк арқанының жібі үзілген, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығымен бекітілген жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының "болат арқандарды ақаулы деп тану нормаларында" көрсетілген шамадан асатын жергілікті бүліну, таттану немесе сымның үзілуі бар;

6) жебе, жүк көтеру және бұру механизмдерінің тежегіш бөлшектері зақымдалған, тежегіш шкивтеріне май құйылуы;

7) кранның металл конструкциялары мен механизмдерінде жарықтар, майысулар мен сынулар анықталған;

8) жүкті, жебені көтеру механизмдері мен көтеру шектегіші жоқ немесе олардың ақауы бар;

9) қосымша тіректері зақымдалған немесе жиынтықталмаған, мұнаралы және теміржол крандарының рельстік қармағыштары мен автомобильдік крандардың тұрақтандырғыштары зақымдалған немесе жоқ;

10) қауіпсіздік аспаптары мен сигналдық аспаптардың болмауы немесе олар ақаулы болса;

11) кранның жұмыс орындары жеткілікті жарықтандырылмаған, қардың қалың жаууы немесе тұман, сондай-ақ машинист тіркеушінің сигналдарын немесе тасымалданатын жүктерді нашар ажыратады;

12) алынбалы-салынбалы жүк қармағыш айла-бұйымдардың (шынжырлы арқандар, тізбектер, траверсілер, ілмектер, ыдыстар) ақаулығы бар және оларда и бирка-таңбасы жоқ;

13) сигнал берушілер жоқ (қызмет көрсету аймағы кабинадан толық байқалмайды және машинист пен тіркеуші немесе ілуші арасында қандай да байланыс болмаған);

14) жебелі крандарда теңестіру салмағының немесе балластың жетіспеушілігі;

15) механизмдерді және электр жабдықтардың ашық ток жүргізу бөліктерін қоршаудың жоқтығы;

16) жебені ілу элементтерінде (сырғаларда, тартқыштарда) сіргелер жоқ, арқандарды бекіту немесе бекітуді босаңсыту орындарында қысқыштардың қажетті саны жоқ;

17) артқы ілмектің алдыңғы бөлігі мен сыртқы бөлігінде жарықтар мен қылшықтардың, сондай-ақ ілмектегі тұйықтау құрылғысының ақаулығы;

18) найзағай біліне бастаса, жылдамдығы кранның жұмыс істеуі кезінде жол берілетін шамадан асатын қатты жел пайда болса; бұл ретте кранды жел ұшыруының алдын алу жөнінде жасаушы зауыттың нұсқаулығындағы нұсқаулар орындалуға тиіс;

19) барынша жоғары ток немесе жылу қорғанысы жиі іске қосылған, сондай-ақ сақтандырғыштардың балқымалы жапсырмасы жиі күйіп кеткен;

20) электр сымын оқшаулау кедергісін, электр қозғалтқыштарының орамдарын және дұрыс орналастырылмаған, бірақ электр тогының кернеуі астында болуы мүмкін электр қондырғыларының металл бөлшектерін жерге тұйықтау кедергісін тексеру мерзімі аяқталған,

21) жүк полиспастының арқандары бұралған;

22) кранды бұрған кезде теңестіру салмағы ғимараттың, ормандардың және басқа да құрылыстардың шығыңқы бөліктеріне тиіп кетуі мүмкін;

23) кран асты жол отыра бастайды.

Басқа да жағдайларда және кранның қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етпейтін ақаулар болған кезде кранның жұмыс істеуіне жол берілмейді немесе оның жұмысы тоқтатылады (габариттердің жетіспеушілігі, кранның электр берілісі желілерінің, еңістер мен жыралардың жанында жұмыс істеуі кезінде нормалардың, разрядтық жүктерді тасымалдау тәртібі жөніндегі қағидалар талаптарының сақталмауы).

2. Қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар үшін:

1) қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген барлық талаптардың сақталуына қарамастан, қысымның рұқсат етілгеннен жоғары көтерілуі;

2) сақтандырғыш клапандарында ақаулардың болуы, ыдыстардың беттерінде жол берілмейтін таттану мен қуыстардың анықталуы ;

3) тойтарыла байланысқан жерлерде ағулар мен төсемдердің үзілулері пайда болуы;

- 4) кемшіліктерді, ақауларды жоюға қойылатын нұсқамалардың орындалмауы;
- 5) ақаулығы бар манометрлер анықталуы;
- 6) қақпақтар мен люктардың бекітпе бөлшектерінің толық емес саны немесе олардың ақаулығы анықталуы;
- 7) қысыммен тұрған ыдысқа өрт қаупі бар;
- 8) оқытып-үйретілген және аттестатталған қызмет көрсетуші персонал жоқ;
- 9) ыдыстың беткі қабаттарында жарықтар, тесіктер, жол берілмейтін таттану, дөңестер мен ойықтар, сондай-ақ дәнекерлеу жіктерінде дефектілер табылуы.

3. Цистерна мен бөшкелер үшін:

- 1) белгіленген немесе кезекті куәландыру мерзімінің аяқталуы;
- 2) корпусы немесе түбі зақымдалған (жарықтар, нысанының байқалатындай өзгеруі, қатты таттануы, тесіктердің болуы);
- 3) цистернаның төлқұжаты жоқ немесе цистерналар мен бөшкелерде белгіленген таңбалар мен жазулар жоқ;
- 4) талап етілетін арматура жоқ немесе олардың ақауы бар, герметикалылығы бұзылуы;
- 5) тиісті бояуы жоқ;
- 6) цистерналар мен бөшкелердің олар үшін арналмаған басқа газбен толтырылуы немесе цистерналар мен бөшкелер бөгде заттармен немесе нәрселермен ластануы;

7) цистернаның жүріс бөлігі ақаулықты;

8) цистернаны немесе бөшкені толтыру кезінде газдың шығуы;

9) оқытып-үйретілген және аттестатталған персоналдың жоқтығы.

4. Сығылған, сұйытылған және ерітілген газы бар баллондар үшін:

1) кезеңдік куәландыру мерзімі аяқталған;

2) баллонның цилиндр бөлігіне таңба түсірілуі немесе олардың болмауы;

3) баллондарға бөлім командирінің бұйрығымен тағайындалмаған адамдардың қызмет көрсетуі;

4) шұралар ақаулықты;

5) корпус зақымдалған: жарықтар, шырмаулар, ойықтар, майысулар, тесіктер, баллонның цилиндр бөлігі майысқан, баллон қабырғасының номинальды қалыңдығының 10% астам тереңдікте қуыстар мен тәуекелдер, қылта мойын бұрандасында тесіктер мен керттіктердің болуы;

6) тіректер зақымдалған, қисық немесе нашар орнатылған;

7) баллон қылта мойнына шығыршықтың тығыз кигізілмеуі;

8) бояулар мен жазулардың қазандықты қадағалау қағидаларының талаптарына сәйкес келмеуі.

5. Лифтілер үшін:

1) белгіленген техникалық куәландыру мерзімі аяқталған;

2) шахта қоршауы зақымдалған;

3) шахта есіктерінің құлыптары, сондай-ақ шахта мен кабина есіктерінің түйісулері, шеткі ажыратқыштар, арналы түйісулер, арқандарды және басқа да сақтандырғыш бұғаттағыш құрылғыларды босаңсыту үшін түйісулер жоқ немесе олар ақаулықты;

4) шахтада кабина есіктері жағында көлемдері қағидаларға сәйкес келмейтін қуыстар мен текшелердің болуы;

5) жолаушылар лифтілері шахтасы есіктерінің төменгі бөлігінде жылжымалы кабина едені бар қапсырмалардың болмауы;

6) сигналдық шамның күйіп кетуі;

7) жарық және дыбыстық дабылдама ақаулықты;

8) сымдар мен аппаратура оқшаулау кедергісі төмендеген;

9) кабинаның өздігінен қозғалу жағдайы байқалады;

10) оқытып-үйретілген және аттестатталған электромеханиктер мен лифтерлер жоқ;

11) арқандар белгіленген нормадан артық пайдаланған;

12) кабина бағытталған қабатта автоматты түрде тоқтамайды;

13) кабина лифтінің ашық шахта есігімен іске қосылуы кезінде, ал кабинада адамдар болған кезде – кабинаның ашық есігімен қозғалысқа түскен;

14) лифт статистикалық және динамикалық сынауға шыдамаған;

15) машина үй-жайында, шахтада және кабинада, сондай-ақ шахта есіктерінің алдында жарық жоқ;

16) қадағалау және қызмет көрсету үшін қажет оқытып-үйретілген және аттестатталған персонал жоқ;

17) жылжымалы едені бар лифтілерде кабинада жолаушылар болған кезде, сондай-ақ шахтаның есігі жабылмаған жағдайда барлық жолаушылардың кабинадан шығуы кезінде сигналдық шам сөнеді;

18) осы қабатта кабина болмаған жағдайда шахта есігі сыртынан ашылады;

19) лифт сымдарының немесе электр аппараттарының электр оқшаулауының нашар жай-күйі анықталды ("ток соғады"), лифтінің металл бөліктерімен жанасу кезінде оқшаулаудың жанған иісі сезіледі;

20) ТОҚТА батырмасы жарамсыз;

21) лифтінің басқа да ақаулықтары (ерекше шу, тарсыл, сықыр, кабинаның қозғалысы уақытында жұлқулар немесе соғулар, арқанның үзілуі, бағыттаушылардан теңестіру салмағының шығуы, кабинаның қабат алаңдарына дәл тоқтамауы).

6. Қазандықтар үшін:

1) кезекті техникалық куәландыру мерзімі аяқталған, сондай-ақ оқытып-үйретілген және аттестатталған персонал жоқ;

- 2) қайнату және экрандық құбырлардың жарылуы бар;
- 3) барлық қоректендіру құрылғылары ақаулықты немесе жұмыс істемейді;
- 4) су көрсеткіш әйнектердің екеуі де ақаулықты немесе істен шыққан;
- 5) сақтандырғыш клапанның ең болмаса біреуінің ақаулығы немесе істен шығуы анықталған;
- 6) бу құбыры немесе ондағы арматура зақымдалған;
- 7) манометр ақаулықты және оны ауыстыру мүмкіндігі жоқ;
- 8) қазаннан судың ағуы;
- 9) қазан қуатын күшейтуге қарамастан, су деңгейі тез төмендеген;
- 10) су деңгейі су көрсеткіш аспаптың (әйнектің) ең жоғарғы көрінетін жиегінен аса көтерілген және оны үрлеу арқылы төмендету мүмкін болмаған;
- 11) тартуды, үрлеуді азайтуға және қазандықты қуаттандыруды күшейтуге қарамастан, қазандықтағы қысым қалыптыдан жоғары көтерілген және көтерілу жалғасқан;
- 12) бақылау тығындары балқыған;
- 13) қаптамада опырылу қатері бар жарықтар бар;
- 14) газ жолдарындағы бөлінулер мен күйе жанған;
- 15) қазандық жұмысында ерекше шу, соққылар, тарсыл байқалған;
- 16) қазандыққа өрт қаупі төнген;
- 17) қазанның негізгі элементтерінде (барабанда, коллекторда, камерада, қыздыру құбырында, жану қорабында, от жанатын мойын қаптамасында, құбыр торында, сыртқы сепараторда, бу құбырында) жарықтар, қаңсулар, ағулар және олардың дәнекерленген жіктерінде шығарулар анықталған, екі немесе одан артық қатар тұрған байланысқан жерлерде үзіктер болған;
- 18) жасанды тарту кезінде электр энергиясын беру тоқтатылды, сондай-ақ қызмет көрсететін персонал үшін қауіп тудыратын немесе қазанның жарылу қатерін туындататын қазан элементтері мен оның қаптамалары зақымдалған.

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштерінің әскери мүлкін
пайдалануды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа (жүк
көтеру механизмдерін,
қысыммен жұмыс істейтін
қазандықтар мен ыдыстарын)
5-қосымша
Нысан

Жүк көтеру механизмдерін, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарды есепке алу журналы _____

(әскери бөлімнің атауы)

--	--	--

	Объект туралы мәлімет	Зауыттық құжаттамаға сәйкес техникалық куәландыру (ТК) кезеңділігі (жылдармен)			
	1. Агрегат индексі. 2. Объектінің атауы, зауыттық нөмірі. 3. Объектіні жасаушы, жасалған күні. 4. Талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды нөмірі, кім берді, берілген күні. 5. Жұмыс істеу параметрлері: жүк көтергіштігі /қысымы (рұқсат етілген/жұмыс күйдегі) 6. Көтеру механизмдерінің, ыдыстардың қызмет мерзімі.	көтеру құрылғылары		ыдыстар	
Тіркеу нөмірі		ішінара (ІТК)	Толық (ТТК)	Ішкі тексеру (ІТ)	Гидросынаулар (ГС)
Толтыру үлгісі					
15/С	1. 15.Г95 2. Цистерна, № 18347 3. "Вымпел" ЖШҚ, 2010 ж. 14.05. 4. № В 01-000, ҚР ҚМ МҚСО, 2018 ж. 11.07. 5. Жұмыс қысымы 5 кгс/см2 6. 20 жыл	-	-	4	8
9/Г	1. 8Т028 2. Траверс, № 3856 3. "Салют" ЖШҚ, 2012 ж. 17.09. 4. № В 01-001, ҚР ҚМ МҚСО, 2018 ж. 04.11. 5. Жүк көтергіштігі 300 кг	1	3		-

6. 25 жыл				-	
-----------	--	--	--	---	--

кестенің жалғасы

Жүргізілген ТК айы мен жылы және тағайындалған мерзімі							
көтеру құрылғылары				ыдыстар			
ІТК		ТТК		ІТ		ГС	
жүргізілген	тағайындалған	жүргізілген	тағайындалған	жүргізілген	тағайындалған	жүргізілген	тағайындалған
Толтыру үлгісі							
-	-	-	-	05.2010	05.2014	05.2010	05.2018
11.2012	11.2013	11.2012	11.2015	-	-	-	-

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштерінің әскери мүлкін
пайдалануды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа (жүк
көтеру механизмдерін,
қысыммен жұмыс істейтін
қазандықтар мен ыдыстарын)
6-қосымша
Нысан
ҚР ҚМ Метрологиялық
қамтамасыз ету және
стандарттау орталығының
бастығына

Нұр-Сұлтан қ., Манас көшесі, 15

Ескерту. 6-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 11.09.2020 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әскери бөлімнің қауіпті техникалық құрылғылары жөніндегі мәліметті ұсынамын:

Р/с №	Объектінің атауы (индексі)	Зауыттық нөмірі	Шығарылған жылы	Соңғы куәландыру күні
1	2	3	4	5

Бөлім командирінің 20 __ ж. " _____ " № _____ бұйрығымен мынадай жауапты адамдар тағайындалды:

көрсетілген объектілерге қызмет көрсету үшін мынадай жеке құрам (қызмет көрсетуші персонал) тағайындалды:

Р/с №	Әскери атағы, Т.А.Ә. (болған кезде)	Лауазымы	Оқу орнының атауы . Куәлік берілген күн	Білімін соңғы тексеру күні
1	2	3	4	5

_____ жарамды және Өнеркәсіп қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес келеді.

00000 әскери бөлімінің командирі _____ (әскери атағы, тегі мен аты-жөні, қолы)

Хатқа қоса беріледі:

1. Іс жүргізуде куәландырылған қауіпті техникалық құрылғыларға паспорттардың көшірмелері.

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштерінің әскери мүлкін
пайдалануды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа (жүк
көтеру механизмдерін,
қысыммен жұмыс істейтін
қазандықтар мен ыдыстарын)
7-қосымша
Нысан

Баллондарды сынауларды тіркеу журналы

P/c №	Жасаушы зауыт және баллонның типі	Баллонның зауыттық №	Күні (айы, жылы)		Сыртынан және ішкі қарап тексеру нәтижелері	Салмағы, кг	
			жасалған	өндірістік және тағайындалғ ан куәландыру		белгіленген	нақты
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Сыйымдылығы, л.		Қысымы, кгс/см ²		жарамды, төмен топқа ауыстырылды , ақаулыққа жатқызылған	Инсп ектор дың қолы	Әскери бөлім өкілінің қолы	Ескер тпе
белгіл енген	нақты	жұмыс (Ж)	сынамақ (С)				
9	10	11	12	13	14	15	16
P/c №	Толтырылған күні	Балло н нөмір і	Куәландыры лған күні	Баллон сыйымдылығы	Тол ыру кезінд егі газды баллондағы сұйытылған) соңғы қысы мы	Газ салмағы (Баллонды толтырған адамның қолы
1	2	3	4	5	6	7	8

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштерінің әскери мүлкін
пайдалануды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа (жүк
көтеру механизмдерін,
қысыммен жұмыс істейтін

_____ әскери бөлімінің қауіпті техникалық құрылғыларын куәландыру мен қарап тексерулерді есепке алу журналы

1. Жүк көтеру машиналары, алмалы-салмалы жүк қармағыш айла-бұйымдар

Әскери бөлімнің (қазандықтарды қадағалау органының) есебі бойынша тіркеу нөмірі	Жүк көтеру машинасының, құрылғының, алмалы-салмалы жүк қармағыш айла-бұйымының атауы (индексі)	Орнатылатын орын	Зауыттық нөмірі мен жасалған жылы	Жүк көтергіштігі, кг		Қадағалау жөніндегі адамның қрандарды қарап тексерген күні мен нәтижесі	Техникалық куәландыру			
				есептелген	рұқсат етілген		жүргізілді	тағайындалды	өткізілді	тағайындалды

2. Ыдыстар, цистерналар, бөшекелер, баллондар

а) қазандықтарды қадағалау бөлімінде тіркелетіндер

Объектінің атауы және оның сипаттамасы (тип, маркасы, арналуы, ортасы)	Орнатылатын орын	Зауыттық нөмірі мен жасалған жылы. Бөлімнің есебі бойынша нөмірі	Қысымы, кгс/см ²		Сыйымдылығы, л	Қадағалау жөніндегі адамның қарап тексерген күні мен нәтижесі
			есептелген	рұқсат етілген		

кестенің жалғасы

Жүргізілген және тағайындалған техникалық куәландырулар							
объект иесі – әскери бөлім				Қазандықтарды қадағалау инспекциясы			
Ішкі қарап тексеру		Гидросынаулар		Ішкі қарап тексеру		Гидросынаулар	
жүргізілді (айы, жылы)	тағайындалды	жүргізілді	тағайындалды	жүргізілді	тағайындалды	жүргізілді	тағайындалды

б) қазандықтарды қадағалау бөлімінде тіркелмейтіндер

Объектінің атауы және оның сипатта	Зауыттық нөмірі мен жасалған	Қысымы, кгс/см ²		Қадағалау жөніндегі	Объект иесі – әскери бөлім жүргізген және тағайындаған техникалық куәландырулар		
					Ішкі қарап тексеру	Гидросынаулар	

масы (типi, маркасы, арналуы, ортасы)	Орнатылатын орын	н жылы. Бөлімнің есебі бойынша нөмірі	есептелген	рұқсат етілген	Сыйымдылығы, л	адамның тексерген күні мен нәтижесі	өткізілді	тағайындалды	өткізілді	тағайындалды

3. Толтыру станциялары

Р/с №	Станция атауы	Орнатылатын орын	Зауыттық нөмірі мен жасалған жылы	Қысымы, кгс/см ²		Қадағалау жөніндегі адамның тексерген күні мен нәтижесі
				есептелген	рұқсат етілген	

Ескертпе: Станциялардың ыдыстары мен баллондарын есепке алу журналдың 2-бөлімінде жүргізіледі.